

«Астана қаласы Жас
геологтардың
IV қалалық олимпиадасы»
ұйымдастыру комитетінің төрайымы
«Жас геолог» КҚ директоры

Исмаилова Ж. К.



**«Астана қаласы Жас геологтардың IV қалалық олимпиадасының»
ережесі
2024 жылғы 20 сәуір**

«Астана қаласы Жас геологтардың IV қалалық олимпиадасы» (бұдан әрі - Олимпиада) отансүйгіштік, туған өлкеге деген сүйіспеншілік, Қазақстанның табиғаты мен минералдық байлығына ұқыпты қарауға баулу мақсатында өткізіледі.

Олимпиаданы өткізу барысында мына міндеттер шешіледі:

- жасөспірімдер геологиялық бірлестіктерінің (үйірмелер, жас геологтар клубтары) қызметін қосымша білім беру, оқушылардың кәсіби бағдарлануы және азаматтық ұстанымын дамыту нысаны ретінде насихаттау;
- мұғалімдер, мектептен тыс үйірмелердің басшылары және -жасөспірім балалар геологиялық бірлестіктерінің өкілдері, сондай-ақ оқушылар арасында Жер туралы ғылымдар саласында жүргізетін оқу және ғылыми қызметін ұтымды ету мақсатында тәжірибе алмасу;
- жас геологтардың теориялық білімдерін, олардың геологиялық және экологиялық бағыттағы дербес зерттеу жұмысының дағдыларын тексеру;
- оқушылар арасында кәсіптік бағдар беру жұмысы

2. Олимпиаданы дайындауға және өткізуге басшылық жасау

Олимпиаданы дайындау және өткізу үшін мынадай ұйымдық құрылымдар құрылады:

- Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті;
- Олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің жұмыс тобы;
- Олимпиаданың төрешілер алқасы;
- Олимпиаданың апелляциялық комиссиясы.

Олимпиаданың ұйымдастыру комитеті Олимпиаданы ұйымдастыруға жалпы басшылықты жүзеге асырады, Олимпиаданы өткізу орны мен мерзімдерін айқындайды.

Олимпиаданы ұйымдастыру комитетінің жұмыс тобы Олимпиаданы дайындау мен өткізуді жедел реттеуді жүзеге асырады және:

- Олимпиаданың төрешілер алқасын;

- Олимпиаданың апелляциялық комиссиясын қалыптастырады.

Төрешілер алқасы Олимпиадаға қатысушылардың жарыстар мен конкурстардағы кәсіби дағдыларының деңгейін, сондай-ақ қатысушылардың жалпы командалық және жеке нәтижелерін бағалайды.

Апелляциялық комиссия жарыстар мен конкурстарға төрешілік етудің даулы мәселелері бойынша шешім қабылдайды.

Балалардың өмірі мен денсаулығына педагог-топ жетекшісі жауапты.

3. Олимпиада қатысушылары

Олимпиадаға Астана қаласының оқушылары қатысады (қазақ, орыс).

1. 10-11-сынып оқушылары — 2 адам

4. Олимпиада регламенті

«Астана қаласы Жас геологтардың IV қалалық олимпиадасы» 2024 жылғы «20» сәуірде Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-да, Астана қаласы Сәтбаев көшесі, 2 мекенжайы бойынша өтеді.

Қатысушыларды тіркеу 09 сағат 00 минуттан 9 сағат 30 минутқа дейін.

Салтанатты ашылу — 9:30

Олимпиаданың басталуы — 10:00 – 11:00

5. Олимпиаданы өткізу

Олимпиада 2 турдан тұрады.

1-тур — тестілеу;

2-тур — практикалық бөлім:

минералдарды, тау жыныстарын анықтау.

Қажет болған жағдайда жеңімпаздарды анықтау үшін әңгімелесу өткізілуі мүмкін.

6. Жеңімпаздарды марапаттау

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Олимпиада нәтижелері бойынша хаттама ресімделеді, ұйымдастыру комитетінің төрағалары қол қояды

Олимпиада сұрақтарының тақырыбы

1. Ғалам, метагалактика, галактика құрылымы, құрамы, параметрлері

2. Күн жүйесі — құрылымы, құрамы, параметрлері

3. Жер планетасы — құрылымы, параметрлері

4. Жердің сыртқы және ішкі қабықтары — құрылымы, құрамы, параметрлері

5. Экзогендік геологиялық процестер — мәні, өзара әрекеттесуі, себеп-салдары

6. Эндогендік геологиялық процестер — мәні, өзара әрекеттесуі, себеп-салдары

7. Геологиямен байланысты ғылымдар

8. Геология ғылымдарының құрамына кіретін ғылымдар

9. Жердің даму тарихы

10. Жер қыртысының даму тарихы
11. «Минерал», «Пайдалы қазбалар», «Кен», «Кен көрінісі», «Кен орны», «қорлар» ұғымдары, мағынасы
12. Жерасты сулары — түрлері, минералдануы, кен орындары, маңызы
13. Жетекші қазбалар — негізгі ұғымдар, формалар, «Дарвин триадасы»
14. Пайдалы қазбалар кен орындарын іздестірудің, барлаудың, бағалаудың және пайдаланудың геологиялық әдістері
15. Геологиялық бағыт, тау компасы, дала күнделігі, тау жыныстарының элементтері
16. Магмалық тау жыныстары — негізгі ұғымдар, магмалық денелердің формалары, жіктелуі, қасиеттері
17. Метаморфтық тау жыныстары — негізгі ұғымдар, жіктелуі, қасиеттері
18. Шөгінді жыныстар — негізгі ұғымдар, дене пішіндері, жіктелуі, қасиеттері
19. Жер қыртысының негізгі тектоникалық құрылымдары
20. Минералогия — негізгі ұғымдар, жіктелуі
21. Петрография — негізгі ұғымдар, жіктелуі
22. Гидрогеология және инженерлік геология — негізгі ұғымдар
23. Геофизика — негізгі ұғымдар
24. Мұнай геологиясы — негізгі ұғымдар
25. Ең жаңа жаһандық тектоника
26. Геоэкология